

**6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған**  
**Мусинова Гульмира Султангазыевнаның**  
**«Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық  
интерпретация» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми көзесшінің**

## **П И К И Р І**

Тәуелсіздігіміздің арқасында ақын-жазушыларымыз азат оймен қазақ халқының қаралы күндерін өз шығармаларына өзек етіп көркем әдебиетіміздің қазынасын байытқаны анық.

Халықтың мұнды зарына айналған Семей сынақ полигонының қанды қасіретін жан-тәнімен түсініп, күнделікті өмірде сынақ зардабынан жапа шеккен дала мен халықтың ауыр тағдырына күә болған, көзімен көріп, барлық түйсік-тәніммен қабылдаған ақын-жазушылардың шығармалары бір төбе. Семей сынақ полигоны жайлы көркем туындыларды зерттеп, саралау сонысымен де өзекті.

Ұсынылып отырған диссертацияда Семей сынақ полигоны және әдеби-жанрлық интерпретация қазақ әдебиеттану ғылымында тұнғыш рет ғылыми тұрғыдан қарастырылып отыр.

Зерттеуде диссидентант Семей сынақ полигонына арналған көркем шығармалардағы ұлттық мұдде және адам – қоғам – табиғат үштағандық концепциясының берілуі жолдарын анықтап, алдына қойған мақсатын орындаған.

Диссертация құрылымының жүйелік сипаты жұмыстың нәтижелі болуына бағытталған. Зерттеушінің теориялық тұғыры берік, қамтылған тарихи-деректер және нысанага алынған көркем шығармалар көлемі жеткілікті. Алынған әрбір нәтиже ғылыми негізделген тұжырымға сәйкес беріліп отырған.

«Семей сынақ полигоны туралы тарихи деректер және әдеби процес» деп аталағын бірінші тарауда Семей сынақ полигоны туралы тарихи шындық пен мұрағат қорларындағы деректерді қарастырған. Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигонының арғы-бергі тарихын жан-жақты салыстыра отырып, зерттеу объектісіне айналдырған. Экологиялық дағдарыс пен ядролық сынақ зардабының әдеби процесте берілу жолдары талданған. Зерттеу барысында Семей сынақ полигоны туралы өзекті мәселелер айқындалған.

«Семей сынақ полигоны және әдеби-жанрлық интерпретация» деп аталағын екінші тарауда диссидентант Семей сынақ полигоны тақырыбында жазылған көркем шығармаларға теренірек үzlіліп, әдеби-жанрлық ерекшелігін талдаған.

Т.Әбдікәкімовтің, Ұ.Есдәулеттің, Б.Жақыптың, А.Елгезек, М.Оспанов, А.Айтмұхамбетова т.б. ақындарымыздың өлеңдері мен поэмаларындағы Семей сынақ полигон көрінісін дала концептің аясында көрсете білген.

Б.Тілегеновтің «Қара жел», Р.Нұрғалидың «Дегелең дерті», Р.Тоқтаровтың «Полигон», М.Ибраевтың «Жоғалған өзен», М.Сәрсекенің «Семей қасіреті», С.Досжанның «Қасірет пен тағдыр», Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», Д.Рамазанның «Соңғы дем», Н.Ораздың «Жылқының көз жасы», А.Алтайдың «Кентавр» т.б. прозалық шығармалардағы адам мен табиғат концептісін салыстыра талдаған. Семей қасіреті тақырыбындағы прозалық, драмалық шығармалардағы ұлттық мұдде және адамзат санасындағы өзгерістерді, қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойларды жаңаша пайымдаған.

Диссидент Гүлмира Сұлтангазықызы зерттеу нысанына алған ақын-жазушылардың шығармаларын талдағанда өзінің білімін ғана емес, ақынның ақындық қасиеттерін терең түсініп, жазушылардың шеберлік, талант қарым-қабілетін де толық ұфынып, өз дәрежесінде бағалай алатын зерттеуші екендігін көрсете білген. Семей сынақ полигоны тақырыбында жазған ақындардың поэзиясындағы ортақтық пен даралық ерекшеліктерін де диссидент таба алған. Сонымен қатар, ақындардың өзіндік принциптерін ұлттық мұдде, тарихи контекстегі ұғымдардан алшақ емес екенін көрсеткен.

Негізінде, диссертацияда тікелей, жанамалай түрде қарастырылған мәселелер бұл айтылғандармен ғана шектелмейді. Біз олардың бәрін тізіп, санамалаған жоқпыз, тек тақырыбы мен мазмұнына қатысты проблемаларды сөз еттік. Қорыта айттар болсақ, диссертацияның құрылымы логикалық жағынан өте ұтымды, тараулар мен бөлімдер бір-бірімен тығыз байланысты, бірінен-бірі туындалап отырады. Осы бөліністердің арқасында өзіне лайықты ғылыми идея мен тарау жүргін көтеріп, тұтас бір монографиялық сипатта көрсетіп тұр. Ең әуелі әрбір бөлімнің кіріспесінде теориялық мәселелер қарастырылған. Еңбекті түсінуге берілген анықтамалар (глоссарий) көмек береді.

Диссертацияда көрсетілген нәтижелерге қол жеткізуде автордың жеке үлесі мыналар деп айтуға болады:

- Семей полигонына қатысты мұрағат деректерін қарастырып, әдеби шығармалардағы мәліметтермен салыстыруы;
- Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигоны тақырыбының көрінісін зерделеуі;
- Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Семей ядролық полигоны туралы жарық көрген туындылар «Семей қасіреті» тақырыбымен топтастырып, жанрлық тұрғыдан саралауы;
- Семей қасіреті тақырыбындағы әдеби шығармаларға интерпретациялық талдау жасалып, сол кезеңнің тарихи шындығы мен көркемдік шешімін айқындауы;
- Сынақ зардабының адам – қоғам – табиғат үштағандық концепциясы негізінде көркемдікпен бейнеленуін талдауы;
- Поэзиялық туындылардағы Семей қасіреті көрінісіне, көркемдік әдістері мен құрылымдық семиотикасына кешенді ғылыми-теориялық талдау жасауы.

Диссертациядағы нәтижелердің теориялық маңызы әдебиеттану ғылымы үшін өте зор. Г.Мусинова Семей сынақ полигоны тақырыбында жазылған көркем шығармаларды талдап, ақындардың шеберлігін зерттеп, жазушылардың прозалық, драмалық шығармаларындағы тарихи шындық пен көркемдік шешімді айқындалап, бағамдап отырады.

Зерттеу барысында алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптарға сай. Тараулар арасында құрылымдық және логикалық байланыс сақталған. Диссиденттант ғылыми жұмыста қойылған мақсат пен міндеттерін толықтай орындаған. Жұмыстың нәтижелерінің ғылыми теориялық, практикалық маңызы жоғары.

Жарияланған мақалалар диссертациялық жұмыстың мазмұнын толық ашуға қызмет жасаған.

Диссертация «ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сәйкес келетіндіктен Мусинова Гульмира Султангазыевнаның «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» атты еңбегі үшін 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші:**

**Семей қаласының Шәкәрім атындағы**

**КеАҚ университеті, «Абай және ұлттық руханият»**

**ғылыми-зерттеу орталығының директоры,**

**филология ғылымдарының докторы,**

**профессор**

**Еспенбетов А.С.**

